

**Е.Е. Ибраев*, Қ.Д. Жанпейісова***Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан***Corresponding author: erzhan-83@mail.ru*

Қазақстандағы діни ахуал: қоғамдық пікірді талдау

Аңдатпа. Бүгінгі таңда Қазақстандағы діни ахуал күрделі, әрі үнемі даму үстінде, өйткені халықтың өсіп келе жатқан діни танымы, шетелдік діни миссиялардың үгіт-насихат қызметі және қоғам өмірінің діни саласын реттейтін ұлттық заңнаманың ерекшеліктері әртүрлі жағымды да, жағымсыз да салдарға алып келеді.

Халықтың діни сауаттылығы деңгейінің төмендігімен, елдің дінге сенушілер мен атеистік ұстанымдағы азаматтары арасындағы құндылық бағдарларындағы алшақтығымен, сондай-ақ түрлі конфессиялар пайдаланатын діни идеяларды тарату тәсілдерінің әртектілігімен байланысты бірқатар мәселелер орын алуда.

Аталған мәселелер халықтың діни бағдарлану деңгейін, түрлі конфессиялар мен діни ағымдар өкілдері арасындағы қатынастардың жай-күйін, Қазақстандағы төзімділік пен конфессияаралық келісім деңгейін айқындау үшін діни ахуалға мониторинг жүргізудің маңыздылығын білдіреді.

Осы орайда, елдегі қалыптасқан діни ахуал өте күрделі, оны реттеп, жүзеге асырушы мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігі жоғары деген гипотезаны ұсынып, оны эмпирикалық зерттеу әдістерімен қоғамдық пікірді зерделеп, нәтижесінде оны жүзеге асырушы мемлекеттік органдар қызметіне оң баға анықталып, елдегі діни ахуал тұрақты әрі қолайлы екені дәлелденді. Мақалада Қазақстандағы діни ахуалды зерделеудің кейбір нәтижелері қамтылған.

Түйін сөздер: дін, мемлекет, респонденттер, діни ахуал, мемлекеттік органдар, зайырлылық, діни бірлестіктер, Қазақстан.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2021-136-3-7-20>

Түсті: 23.11.2020 / Жарияланымға рұқсат етілді: 20.12.2020

Кіріспе

Дін өркениеттер тарихында мемлекетпен қатар өмір сүріп, қоғамда әлеуметтік тұрғыдан ұйымдастырушы функцияны атқаратын маңызды институт болып табылады. Францияның атақты әлеуметтанушысы, философ ғалымы Э. Дюркгейм дінді кез келген қоғамның құрылымдық элементі деп есептеген. [1] Қазіргі уақытта діннің дүниетаным жүйесі мен өмір салты ретіндегі рөлі артып, азаматтардың қоғамның рухани өмірінің діни құрамдас бөлігіне деген қызығушылығының өсуі байқалады. Ал халықтың діни санасының жаңдануы әлеуметтік-саяси және рухани тұрғыда қоғамды топтастырушы фактор болып табылады.

XX ғасырда орын алған тарихи оқиғалардың нәтижесінде қалыптасқан көпэтникалық және көпконфессиялық қоғамда ішкі тұрақтылықты қамтамасыз ету Қазақстанның

мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі болатын. Бұл салада дінаралық келісім мен үнқатысудың алаңына айналған Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі түрлі конфессиялар арасындағы өзара ықпалдасудың жалпыәлемдік үдерісіне оң ықпалын тигізді.

Қоғамдағы толеранттылық, дінаралық үнқатысу мен өзара түсіністік Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік дамуының ұйымдастырушы күші мен негізі болып табылады. 2018 жылы өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VI съезінде Елбасы Н. Назарбаев: «Дін мәдениет пен әлеуметтік қатынастарды қалыптастыратын негізгі күш болып табылады. Қазір әлем діндер мен оның жалпыға танылған көшбасшыларының рөлі айқындаушы мәнге ие болатын сапалы жаңа өлшемге аяқ басты» - деп атап өтеді. [2]

Дін қоғамдық даму мен қазақстандық қоғамның тұрақтылығын сақтауда маңызды рөл атқара бастады. Бұл мемлекеттен діни бірлестіктермен бірдей қарым-қатынас орнатуды талап етті, мемлекеттік-конфессиялық қатынастар Қазақстан Республикасы үшін аса маңызды салалар қатарына енді.

Ал ғылыми тұрғыда жалпы республика аумағындағы діни ахуалдың негізгі үдерістері мен бағыттарын, елдегі мемлекет пен конфессиялық қарым-қатынастарды зерттеп жүрген ғалымдар қатарына Е.Бурова, Н.Сейтахметова., Б.Сатершинов., Ғ.Есім., А.Г.Косиченко., Қ.Затов., Қ.Борбасова, Ш.Рысбекова., Е. Байдаров., М.Ю. Онучко., Д.А.Сихимбаева және т.б жатқызуға болады.

Ғылыми зерттеулердің жан-жақтылығы діни саясаттың маңызды бөлігі болып табылатын мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың әр кезеңде өзекті болғандығын көрсетеді.

Қазақстан Республикасындағы дін және конфессияаралық қатынастар саласындағы ахуалды бағалау

Қазақстан Республикасындағы дін және конфессияаралық қатынастар саласындағы ахуал соңғы екі онжылдықта айтарлықтай өзгерді. Осы кезеңдегі дамудың бір ерекшелігі діннің қоғамдағы рөлінің тұрақты өсуі болды. Оның беделі мен мәртебесі артып, қызметі кеңейді, дін ұстанушылар мен діни бірлестіктердің саны артып келеді. 2011 жылдың 1 қаңтары жағдайы бойынша елде 4551 діни бірлестік болған, 2012 жылдың қазан айында аяқталған діни бірлестіктерді қайта тіркеудің нәтижесінде олардың саны 3088-ге қысқарған. [3]

Ал бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне қарасты Дін істері комитетінің ақпараты бойынша елімізде 18 конфессия атынан өкілдік ететін ресми тіркелген 3818 діни бірлестік бар. (*Ислам – 2685, православие – 342, католицизм – 86, елуіншілер – 228, баптистер – 186, пресвитериандар – 107 және т.б.*)

Алайда, қоғамда діннің рөлінің артуымен бірге халықтың кейбір бөлігінің діни өмірінің жағымсыз жақтары да көрініс таба бастады. Дінге деген қызығушылықтың өсуімен қатар қоғам экстремизм мен терроризмге байланысты сын-қатерлерге тап болды. Мәселен, 2003 жылдан 2011 жылдар арасында Қазақстандағы экстремизм мен терроризмнің өсу динамикасы байқалады: 2003 жылы сотталғандар саны 6 болса, 2006 жылы – 33, 2010 жылы – 31 адамға жеткен. [4] Бұған қоса, Ақтөбе мен Тараз қалаларында орын алған лаңкестік әрекеттер мемлекеттің дін саласында және діни экстремизм мен терроризмге қарсы күресу бағытында заңнамалық өзгерістер мен шаралар қабылдауға негіз болды.

Еліміздің дін саласындағы болып жатқан процестер қазақстандықтардың назарындағы негізгі объектілердің біріне айналды. Бұған себеп ретінде қоғамдағы діндарлыққа және діни экстремизм мен терроризмге қарсы мемлекет тарапынан жүзеге асырылып жатқан

шараларды атауға болады. Осы орайда дін саласындағы мемлекеттік саясатқа қатысты қоғамдық пікірді зерделеу, соның нәтижесінде қоғамдық қолдаудың деңгейін анықтау мемлекеттің осы салада тиімді саяси шешімдер қабылдауға септігін тигізеді.

Зерттеудің мақсаты – дін саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын іске асырудағы тиісті мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігі туралы қоғамдық пікірді зерделеу.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін келесідей міндеттер белгіленеді:

- 1) қазіргі уақыттағы қоғамда қалыптасқан діни ахуалдан азаматтардың хабардар болу деңгейін анықтау;
- 2) дін саласындағы мемлекеттік саясатты және мемлекеттік құрылыстың зайырлы қағидаттарын қоғамдық қолдауды зерделеу;
- 3) Діни саладағы тиісті мемлекеттік органдардың қызметіне сенім білдіру дәрежесін айқындау.

Қазақстанның дін саласындағы мемлекеттік саясаттың басым міндеттері мемлекеттік-конфессиялық және конфессияаралық қатынастарды реттеу, сондай-ақ мемлекеттің зайырлы қағидаларын нығайту болып табылады.

Бүгінгі таңда Қазақстан қоғамында дін мен діни ұйымдардың беделінің біртіндеп артуы, іс жүзінде барлық конфессиялардың әлеуметтік саладағы қызметінің жандануы байқалады. Діни ұйымдар кең ауқымды әлеуметтік мәселелерді, әсіресе қоғамдық өмірдің зайырлы салаларындағы мәселелерді шешуге қатысуға көбірек ықылас танытуда. Діни фактор халықтың түрлі топтарының этномәдени сәйкестендірілуінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Осы үрдістерді ескере отырып, елдегі діни ахуалды зерттеу барынша өзектілік пен практикалық маңыздылыққа ие.

Осыған орай, елдегі діни ахуалға, жалпы алғанда дін саласындағы мемлекеттік саясатты қазақстандықтардың бағалау деңгейін анықтау үшін әлеуметтанулық зерттеу жүргізілді.

Ең алдымен мемлекеттің дін саласындағы саясатын жүзеге асыруда өкілетті мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін халық тарапынан бағалануы туралы қоғамдық пікірді зерделеу үшін азаматтардың діни сипаттағы мәселелерге қаншалықты қызығушылық танытатынын және мемлекеттің осы саладағы қызметі туралы қаншалықты түсініктері бар екенін түсінген жөн. Сондықтан респонденттерден елдегі қазіргі діни ахуалдан қаншалықты хабардар екендігі жайында сұралды.


«Мені бұл сала қызықтырмайды» және «менде діни ахуал туралы ақпарат жоқ, өйткені менде уақыт жоқ» жауаптарының жиынтығы бойынша респонденттердің үлесі – 32% құрайды.

Сұралғандардың үштен бірінен көбі (36,8%) елдегі діни ахуал жайында ақпараты жоқ, дегенмен жалпы түсінігі бар екенін хабарлады. Сауалнамаға қатысқандардың төрттен бір бөлігі БАҚ арқылы қоғамдық маңызы бар мәселелерді белсенді түрде бақылауына байланысты өздерін діни саладағы қазіргі жағдай туралы жақсы хабардар деп санайды. Сондықтан сұралған 62,8% респонденттерді діни ахуалдан хабары бар азаматтар деп санауға болады. Ал сауалнамаға қатысушылардың 5,2% жауап беруге қиналды, оларды респонденттердің діни ахуал туралы ақпараты жоқ бөлігіне жатқызуға болады.

1 сурет. Елдегі діни ахуал жайында халықтың хабардар болу деңгейі



2 сурет. Елдегі діни ахуал жайында халықтың хабардар болу деңгейінің жиынтық көрсеткіші



Азаматтық-құқықтық мәдениет тұрғысынан өңірлер бойынша діни салаға қызығушылық танытпайтын Ақмола (47,1%) және Ақтөбе (30,5%) облыстарының респонденттері екені анықталды.

Сауалнамаға қатысушылардың 41,5% - ы Алматы және 27,5% - ы Ақтөбе облыстарының дін саласындағы жағдайға қызығушылық танытпайды. Дін саласындағы ақпараттан хабардар болудың ең төмен деңгейі Алматы (4,5%) және Жамбыл (10,6%) облыстарында. Қазақстандық қоғамдағы діннің рөліне белсенді қызығушылық танытатын респонденттер Шығыс Қазақстан (38%), Павлодар (38,9%) және Қызылорда (53,6%) облыстарында байқалады.

Діни ахуал туралы ең төмен дәрежеде түсінігі бар респонденттер Ақтөбе (24%), Шығыс Қазақстан (24,7%), Ақмола (25%) облыстарында. Қалған өңірлер бойынша көрсеткіштер 30% деңгейден асады, сондай-ақ Жамбыл (64,1%) және Қостанай (52,9%) облыстарынан сауалнамаға қатысушылар өздерін жеткілікті хабардар деп санайды.

3 кесте. Сіз елдегі діни ахуалдан хабардар болу деңгейіңізді қалай бағалайсыз?
(өңірлер бойынша)

Өңір	Мені бұл сала қызықтырмайды	Менде діни ахуал туралы ақпарат жоқ, өйткені менде уақыт жоқ	Мен елдегі діни ахуалды жақсы білемін, өйткені мен үнемі жаңалықтарды оқимын/ көремін	Менде елдегі діни ахуалдан ақпаратым жоқ, дегенмен менде жалпы түсінігім бар	Жауап беруге қиналамын
Нұр-Сұлтан	13,5%	10,1%	32,6%	37,1%	6,7%
Алматы	14,7%	10,3%	30,6%	37,4%	7,0%
Шымкент	17,3%	8,5%	31,5%	37,5%	5,2%
Ақмола облысы	47,1%	7,2%	15,9%	25%	4,8%
Ақтөбе облысы	30,5%	27,5%	13,7%	24%	4,3%
Алматы облысы	17,9%	41,5%	4,5%	34,4%	1,6%
Атырау облысы	19,5%	12,6%	29,9%	30,5%	7,5%
Шығыс Қазақстан облысы	14,1%	16,5%	38%	24,7%	6,6%
Жамбыл облысы	13,4%	8,4%	10,6%	64,1%	3,4%
Батыс Қазақстан облысы	11,9%	8%	29%	43,8%	7,4%
Қарағанды облысы	14,5%	12,9%	20,8%	48,7%	3,2%
Костанай облысы	13,1%	7,4%	26,6%	52,9%	
Қызылорда облысы		4,4%	53,6%	30,4%	11,6%
Маңғыстау облысы	16,1%	14,8%	35,9%	30,5%	2,7%
Павлодар облысы	14,2%	9,3%	38,9%	28,4%	9,3%
Солтүстік Қазақстан облысы	25,9%	8,3%	29,1%	31,6%	5,1%
Түркістан облысы	13,7%	4,4%	33,2%	38,5%	10,2%

Азаматтардың дінге қатысты туындаған сұрақтарға жауаптарды қандай дереккөзден алатындарын анықтау мақсатында респонденттерге «Ең алдымен Сіз қандай дереккөздерден діни мәселелер туралы ақпарат аласыз?» - деген сұрақ қойылды. Респонденттердің 58,2%-ы үшін ең танымал ақпарат көзі-интернет болып табылады. Ақпарат көзі ретінде интернет танымалдылығының ең жоғары көрсеткіштері Ақмола (88%), Алматы (88%), Ақтөбе (80,3%), Жамбыл (68,1%), Қостанай (63,5%) облыстарында және Шымкент қаласында (62,9%) тіркелді.


Интернетпен салыстырғанда ұялы байланыс пен интернетке қолжетімділік нашар дамыған ауылдық жерлерде маңызды ақпарат көздерінің бірі болып табылатын теледидар көру арқылы алынатын ақпараттың үлесі 4,8 есе аз. Түркістан облысы (40%), Шығыс Қазақстан облысы (33%) және Павлодар (28,4%) облыстарындағы респонденттер елдегі діни ахуал туралы ақпарат алуға көбірек уақыт бөледі.

Діни ахуал туралы ақпараттың өзектілігі бойынша үшінші дереккөзі сұралушылардың тұлғааралық байланыстары болып табылады. Зерттеудің барысында анықталғандай, респонденттердің бестен бір бөлігі туыстары мен таныстарының ортасында діни мәселелерді талқылайды.

Дін өкілдерінің уағыз-насихаттарын тыңдаушылардың ең көбі Шымкент қаласының респонденттері (10,9%), Шығыс Қазақстан (16,2%), Павлодар (10,5%) және Атырау (10,3%) облыстары.

Ал діни тақырыптарды арнайы діни әдебиеттер арқылы оқитындар Алматы қаласы (0,8%), Солтүстік Қазақстан (1,8%), Маңғыстау (0,9%) облыстары.

4 сурет. «Ең алдымен Сіз қандай дереккөздерден діни мәселелер туралы ақпарат



5 кесте. «Ең алдымен Сіз қандай дереккөздерден діни мәселелер туралы ақпарат аласыз?» % (өңірлер бойынша)


Өңірлер	Дін өкілдерінің уағыз-насихаттары	Интернет	Теледидар	Діни әдебиет	Туыстар мен таныстар	Жауап беруге қиналамын
Нұр-Сұлтан қ.	7,1%	53,6%	12%	-	24,7%	2,6%
Алматы қ.	9,3%	56,8%	21,7%	0,8%	11,4%	-
Шымкент қ.	10,9%	62,9%	12,9%	0,4%	12,9%	-
Ақмола облысы	-	88%	-	-	12%	-
Ақтөбе облысы	-	80,3%	-	-	18%	1,7%
Алматы облысы	-	88%	-	-	11,8%	0,2%
Атырау облысы	10,3%	47,1%	13,8%	-	26,4%	2,3%
Шығыс Қазақстан облысы	16,2%	33,5%	33%	0,3%	17%	-
Жамбыл облысы	1,3%	68,1%	-	-	28,8%	1,9%
Батыс Қазақстан облысы	1,1%	63,6%	18,8%	-	13,1%	3,4%
Қарағанды облысы	3,9%	50%	-	-	46,1%	-
Қостанай облысы	7%	63,5%	-	-	26,6%	2,9%
Қызылорда облысы	8,3%	7,2%	-	-	49,7%	34,8%
Манғыстау облысы	8,5%	49,8%	19,7%	0,9%	20,6%	0,4%
Павлодар облысы	10,5%	43,2%	28,4%	0,6%	17,3%	-
Солтүстік Қазақстан облысы	6,5%	57,1%	14,3%	1,8%	20,3%	-
Түркістан облысы	5,4%	39%	40%	-	15,6%	-

Жалпы алғанда, респонденттердің 62,8% - ның елдегі діни ахуал туралы белгілі бір дәрежеде хабары бар. Азаматтар, ең алдымен, интернет пен теледидарды қарау арқылы ақпарат алуды жөн көреді. Жақын адамдармен қарым-қатынаста қоғамдық өмірдің діни аспектілерін

талқылауға сұраныс байқалады. Осы форматтағы әңгімелерді қоғамдық маңызы бар диалог алаңдарына біртіндеп көшіру арқылы қоғамда азаматтық-құқықтық мәдениетті дамыту әлеуеті пісіп-жетіледі деп болжауға болады.


Зерттеу аясында қызмет саласы дінмен байланысты мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін анықтау мақсатында келесі сұрақ қойылды: «Дін саласындағы мемлекеттік саясатты қолдайсыз ба?»

6 сурет. «Дін саласындағы мемлекеттік саясатты қолдайсыз ба?»



Халықтың дін саласындағы мемлекеттік саясатты қолдауы («Толық қолдаймын» және «Негізгі бағыттар бойынша қолдаймын») жоғары деңгейде. Сондай-ақ, респонденттер мемлекет жүргізіп отырған дін саласындағы толеранттылық саясатын қолдайтынын байқауға болады. Қолдау деңгейі 89,9 %-ды құрап отыр.

7 сурет. «Мемлекет жүргізіп отырған толеранттылық және дінаралық келісім саясатын қолдайсыз ба?» (%)



Жалпы алғанда, респонденттердің мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелері бойынша мемлекеттік органдарға сенім білдіру үрдісі сақталуда. «Дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың қызметіне сенесіз бе?» - сұрағына алынған

жауаптар арқылы дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың қызметіне сенім деңгейі анықталды.

Сонымен, «толық сенемін» және «негізі сенемін» рейтингілерінің нәтижелері келесідей:

- Құқық қорғау органдары – 79%;
- Дін істері жөніндегі жергілікті басқармалар – 87%;
- Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі – 75,8%;
- Білім және ғылым министрлігі – 75%.

1 кесте. «Дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың қызметіне сенесіз бе?» (%)

	Құқық қорғау органдары	Дін істері жөніндегі жергілікті басқармалар	Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі	Білім және ғылым министрлігі
Толық сенемін	37	42	33	31
Негізі сенемін	42	45	42,8	44
Негізі сенбеймін	6	4,2	13,8	12
Толық сенбеймін	4,8	3,8	2,5	9
Жауап беруге қиналамын	10,2	5	7,9	4

Сонымен бірге, қоғамдық санадағы зайырлылық туралы түсініктерді анықтау мақсатында азаматтардан мемлекеттік құрылыстың зайырлы формасын қалай түсінетіні жайында сұралды.

9 сурет. «Зайырлы мемлекет» ұғымының мазмұнын қалай түсінесіз?




Аталған сұрақтың төңірегінде респонденттердің көпшілігі (43,5%) «зайырлылық» ұғымын,

ең алдымен, «Азаматтардың ар-ождан және діни сенім бостандығымен» байланыстырады. Сұралушылардың төрттен бір бөлігі «Мемлекет пен діннің нақты бөліну» қағидатын көрсетгі (29,8%), басқа бөлігі үшін зайырлылық «Діни сенімдегі тең мүмкіндіктер» деп түсініледі (14,2%).

Ұсынылған жауаптың барлық нұсқалары белгілі бір дәрежеде зайырлы мемлекеттің белгілері болып табылады. Алынған мәліметтерден мемлекеттік мекемелерде діни киім киюге жол бермеу халық тарапынан қолдау табылмайтынын байқауға болады. Соңдықтан бұл мәселенің төңірегінде мемлекеттік әлеуметтік институттар мен халық арасында түсініспеушілік туындап отыр.

Қазақстанның зайырлы мемлекет ретіндегі мәртебесін «толық мақұлдайтын» және «негізі мақұлдайтын» респонденттердің үлесі 70% – ды құрайды, бұл мемлекеттік саясатты және қоғамдық құрылыстың зайырлы негіздерін мақұлдаудың жоғары көрсеткіші болып табылады.


10 сурет. «Қазақстанның зайырлы мемлекет ретіндегі мәртебесін қалай қабылдайсыз?»



Зерттеу барысында алынған келесі деректер діннің елдің қоғамдық өміріндегі рөлін күшейту идеясына оң көзқарасты білдіреді. Респонденттердің көпшілігінің пікірінше, діннің рухани-адамгершілік (45%) және біріктіру функциялары (16%) қазақстандық қоғамның өмірінде негізгі рөл атқарады. Сауалнамаға қатысушылардың төрттен бір бөлігі, керісінше, дін қазақстандықтардың өмірінде маңызды рөл атқармайды деген пікір білдірді.

Әрбір үшінші сұхбат беруші діннің ешқандай рөлі жоқ екенін атап өтті.

11 сурет. «Бүгінгі таңда қазақстандық қоғам өмірінде діннің рөлі қандай?»



«Дәстүрлі емес діни бірлестіктерге қатысты жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясатта нені өзгерту қажет?»-деген сұрақта респонденттер негізінен «Олардың қызметін қатаң бақылауды» (82,8%) және «Олардың қызметіне тыйым салуды» (14,2%) ұсынады.

12 сурет «Дәстүрлі емес діни бірлестіктерге қатысты жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясатта нені өзгерту қажет?»



Өңірлік тұрғыдан алғанда, барлығы дерлік өңірлердегі респонденттердің көпшілігі олардың қызметін қатаң бақылауды ұсынады.

Келесі өңірлердің респонденттері олардың қызметіне тыйым салуды ұсынады: Нұр-сұлтан (24,7%) және Шымкент (45,2%) қалалары, Павлодар (30,2%), Шығыс Қазақстан (22,9%), және Солтүстік Қазақстан (25,9%) облыстары.

Алынған мәліметтерге сәйкес, респонденттердің көпшілігі «Азаматтардың ар-ождан және діни сенім бостандығы», «Мемлекет пен діннің нақты бөліну», «Діни сенімдегі тең мүмкіндіктер» нұсқаларын таңдағандықтан мемлекеттік құрылымның зайырлылық түсінігін интериоризациялау процесі ресми дискурсқа сәйкес дұрыс бағытта қабылданады деген қорытынды жасай аламыз.

Сондай-ақ, Қазақстанның зайырлы мемлекет ретіндегі мәртебесін «толық мақұлдайтын» және «негізінен мақұлдайтын» респонденттердің үлесі 70% - ды құрайды, бұл мемлекеттік саясатты және қоғамдық құрылыстың зайырлы негіздерін мақұлдаудың жоғары көрсеткіші болып табылады. Осылайша, қазақстандық қоғамның зайырлылығына қатысты елдің саяси бағытын қолдайды деп санауға негіз бар.

Қорытынды

Зерттеу барысында ұсынылған гипотезаны сауалнама әдісімен тексеру арқылы қазақстандықтардың түсінігінде елдегі діни ахуал тұрақты әрі қолайлы деген нәтиже алынды. Бұл өз кезегінде, дін саласындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге өкілетті мемлекеттік

органдардың қызметін халық тарапынан оң бағалауына ықпал етеді деген қорытынды берді.

Дегенмен, қоғамда жат діни ағымдардың идеяларының таралуымен және діни көзқарастағы адамдар санының өсуіне қатысты халықта алаңдаушылық бар. Азаматтар елдегі зайырлылық қағидаттарын сақтау, діннің мемлекеттен бөлектену мәселесін қолдайды. Осы орайда дін саласына, әсіресе дәстүрлі емес діни ағымдардың қызметіне мемлекеттік бақылауды одан әрі күшейту жөніндегі көзқарас басым.

Әдебиеттер тізімі

1. О. Конг, Г. Спенсер, Э. Дрюкгейм, М. Вебер, Р. Белла Дін туралы // Ізденіс. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. - 2008. - № 4. -Б. 87-91.
2. Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің алтыншы съезінің ашылуында сөзі. [Электрон.ресурс]. – 2020. – URL: <http://religions-congress.org/ru/news/vystupleniya-VI/175> (қолданылған күні: 12.11.2020).
3. Количество религиозных объединений Казахстана после перерегистрации сократилось более чем на тысячу. [Электрон.ресурс]. – 2020. – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31287721 (қолданылған күні: 12.11.2020).
4. Жандосова Ш. М. Қазіргі әлемдегі діни экстремизм: саясаттанулық талдау / Ш.М. Жандосова. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2016. - 188 б.

Е.Е. Ибраев, К.Д. Жанпейисова

Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Религиозная ситуация в Казахстане: анализ общественного мнения

Аннотация. На сегодняшний день религиозная ситуация в Казахстане сложна и постоянно развивается, так как растущее религиозное познание населения, пропагандистская деятельность зарубежных религиозных миссий и особенности национального законодательства, регулирующего религиозную сферу жизни общества, приводят как к различным положительным, так и отрицательным последствиям.

Имеет место ряд проблем, связанных с низким уровнем религиозной грамотности населения, расхождением ценностных ориентаций между верующими и гражданами страны на атеистической позиции, а также неоднородностью способов распространения религиозных идей, используемых различными конфессиями.

Данные вопросы подчеркивают важность проведения мониторинга религиозной ситуации для определения уровня религиозной ориентации населения, состояния отношений между представителями различных конфессий и религиозных течений, уровня толерантности и межконфессионального согласия в Казахстане.

В этой связи была выдвинута гипотеза о том, что сложившаяся религиозная ситуация в стране очень сложна, эффективность деятельности государственных органов, регулирующих ее, высока, эмпирическими методами исследования изучено общественное мнение, в результате чего выявлена положительная оценка деятельности государственных органов в данном аспекте, доказано, что религиозная ситуация в стране стабильна и благоприятна. В статье представлены некоторые результаты изучения религиозной ситуации в Казахстане.

Ключевые слова: религия, государство, респонденты, религиозная ситуация, государственные органы, секуляризм, религиозные объединения, Казахстан.

E.E. Ibrayev, K.D. Zhanpeiisova

L. N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Religious situation in Kazakhstan: analysis of public opinion

Abstract. Today, the religious situation in Kazakhstan is complicated and constantly developing, as the growing religious awareness of the population, the propaganda activities of foreign religious missions and the peculiarities of national legislation regulating the religious sphere of society lead to various positive and negative consequences.

There are several problems associated with the low level of religious literacy of the population, the divergence of value orientations between believers and citizens of the country on an atheistic position, as well as the heterogeneity of ways to spread religious ideas used by different faiths.

These questions emphasize the importance of monitoring the religious situation in order to determine the level of religious orientation of the population, the state of relations between representatives of different faiths and religious movements, the level of tolerance and interfaith harmony in Kazakhstan.

In this regard, it has been hypothesized that the current religious situation in the country is very complex, its regulation and effectiveness of implementing state bodies is high, empirical research methods studied public opinion, resulting in a positive assessment of the activities of implementing state bodies, proved that the religious situation in the country is stable and favorable. The article contains some results of studying the religious situation in Kazakhstan.

Keywords: religion, state, respondents, religious situation, state bodies, secularism, religious associations, Kazakhstan

References

1. O. Kont, G. Spenser, E. Dryukgejm, M. Veber, R. Bella Din turaly [About Religion] Izdenis. Gumanitaryk gylymdar seriyasy [Search. Humanities Series]. 2008. No. 4. P. 87-91, [in Kazakh].
2. Kazakstan Respublikasy Prezidenti Nursultan Abishuly Nazarbaevtyн alemdik zhәне dasturli dinder liderlerinин altyнshy sozinин ashyluynda sozi. [Speech of the president of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev at the opening of the sixth congress of leaders of world and traditional religions], Available at: <http://religions-congress.org/ru/news/vystupleniya-VI/175>, [in Kazakh], (accessed 12.11.2020).
3. Kolichestvo religioznyh ob"edinenij Kazahstana posle pereregistracii sokratilos' bolee chem na tysyachu [Number of religious associations in Kazakhstan reduced by more than a thousand after re-registration]. Available at: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31287721, [in Russian], (accessed 12.11.2020).
4. Zhandosova Sh. M. Kazirgi alemdеgi dini ekstremizm: sayasattanulyk talдаu [Religious extremism in the modern world: a political analysis], (KR BGM FK Filosofiya, sayasattanu zhane dintanu instituty, Almaty, 2016, 188 p.), [in Kazakh].

Авторлар туралы мәлімет:

Ибраев Ержан – саясаттану кафедрасының докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Жанпейісова Қарғаш Далелханқызы - саясаттану кафедрасының доценті, саяси ғылымдардың кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Ibrayev Erzhan – Ph.D. student of the Department of Political Science, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Zhanpeiissova Kargash Dalelkhankyzy – Associate Professor of Political Science, Candidate of Political Science, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.